Төлқұжат, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық, әрі қарай мәтін бойынша – Нұсқаулық, құрастыру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезінде орындалуы тиіс қағидаттық нұсқауларды қамтиды. Сондықтан құрастыру және іске қосу алдында оларды персонал немесе тұтынушы міндетті түрде зерделеуі тиіс. Нұсқаулық ұдайы жабдықтың пайдаланатын жерінде тұруы қажет.

Тек «Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтары» бөлімінде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы талаптарды ғана емес, сондай-ақ басқа бөлімдерде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнаулы нұсқауларды да сақтау қажет.

**1.2 Бұйымдағы символдар мен жазбалардың мәні**

Жабдыққа тікелей түсірілген нұсқаулар, мәселен:

- айналу бағытын көрсететін нұсқар,
- айдап қотару ортасын беруге арналған қысымды келте құбыр таңбасы

міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

**1.3 Қызмет көрсететін персоналдардың біліктілігі және оларды оқыту**

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзиреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

**1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары**

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау, сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

### 1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

### 1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

### 1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

### 1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

### 1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

## 2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23170 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Ең ұзақ орнатылған сақтау мерзімі 2 жыл.

Сорғының, басқару жүйесінің және бөлшектерінің сақтау талаптарын сәйкес жабдыққа арналған Төлқұжат, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.


## 3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



**Ескертпе**  
*Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.*




**Ескертпе**  
*Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсіп қалу немесе адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдайларға алып келуі себебі болуы мүмкін.*



Назар аударыңыз

*Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.*



Нұсқау

*Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.*

## 4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Атаулы Нұсқаулық кәріз жүйелері, дренаждау, нөсерлі ауаларды бағыттауға арналған жиынтықты сорғы стансаларының PUST 04-10, PS.R.17 сұйыққоймаларына таратылады.

### PUST 04-10, PS.R.17 құрылымы


PUST 04-10, PS.R.17 сұйыққоймасы PE-HD жоғары тығыздықты полиэтиленнен жасалған және санитарлық-техникалық арматурамен мен бағыттаушы құбыр желісімен жеткізіледі.

Құбыр желісі полиэтиленнен немесе тот баспайтын болаттан жасалады. Бұл кәріз сұйыққоймасының орналасқан жеріне және таңдалған сорғыға, айдап қотарылатын сұйықтықтың өзгешелігіне байланысты.

PUST кәріздік жиынтықты стансасы келесіден тұрады:

1. Қақпағы, құбыр желісі, санитарлық-техникалық арматурасы және сорғыны монтаждауға арналған жабдығы бар бүтін полиэтиленді сұйыққойма. Сорғы сұйыққоймамен бірге жеткізілмейді, оған бөлек тапсырыс беру қажет. Сұйыққойманың тығыздағыш манжеттермен, тот баспайтын шынжырмен және т.б. жиынтықталуы сұйыққоймаға орнатылатын сорғы қондырғысына байланысты және тапсырыс беру кезінде айқындалады. Келтірілетін құбыр желісі сұйыққоймаға стансаның қалыпты жұмысына ұйғарынды кез-келген деңгейде ойып орнатыла алады.
2. Сорғылар (1 не 2 дана) – станса құрамына кірмейді және оған бөлек тапсырыс беріледі.
3. Жабдықтар (бөлек тапсырыс беріледі)

PUST 04-10, PS.R.17 кәріздік жиынтықты стансасы құрылымының мысалы 1-сур. көрсетілген.



TM02 9363 2404

1-сур. PUST 04-10, PS.R.17 кәріздік жиынтықты стансасы

**Айқ. Сипаты**

1	Сорғы
2	Көтергіш шынжыр
3	Бағыттаушы құбырлар
4	Қалқымалы ажыратқыш
5	Кері клапан
6	Ілмекті арматура
7	Фланец/түтіккі жалғастырғыш
8	Ішкі бұрандасы бар 1/2" жалғану
9	Қақпақ

**Типтік белгіленуі, PUST 04-10**

**Мысал**

PUST 08. 20. S. A. SS. SEG

Grundfos сорғы стансасы (стандартты)

**Диаметр [мм]**

04: 400  
06: 600  
08: 800  
10: 1000

**Тереңдігі [мм]**

xx: x 100 мм  
20: 2000

S: Бір сорғы  
D: Екі сорғы

**Құрастыру түрі:**

A: Автоматты түтіккі муфта арқылы сұйыққойманың түбінде  
S: Сорғыларды еркін орнату


**Құбыр желісінің материалы:**

PE: Полиэтилен  
SS: Тот баспайтын болат, AISI 304

**Тип насоса**

KP: Unilift KP, Unilift CC  
AP35: Unilift AP12.40, Unilift AP35  
AP50: Unilift AP12.50, Unilift AP50  
APB: Unilift AP35B, Unilift AP50B  
DP/EF: DP (0,6-1,5 кВт), EF  
DP/SL: DP (2,6 кВт), SL1.50.65 и SLV.65.65 (до 3 кВт)  
SEG: SEG

**Фирмалық тақташа, PUST 04-10 и PS.R.17**



TM06 3908 1215

2-сур. Фирмалық тақташа, PUST 04-10 и PS.R.17

**Айқ. Сипаты**

1	Өнім нөмірі
2	Өндірілетін жері
3	Тітік белгіленуі
4	Дайындаушы ел
5	Салмағы
6	Шығарылған күні, [1 және 2 саны = жылы; 3 және 4 саны = аптасы]
7	Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану, басылым №
8	Толтырылмайды
9	Нарықтағы айналым белгісі



**Мысал PS. R. 17. 25. D. GC. SS50. A50. SEG**

Сорғы стансасы  
Ортадан тепкіш қалыпқа келтіру жолымен орындалған құдық

**Диаметр [мм]**

17: 1700

**Тереңдігі [мм]**

xx: x 100 мм

25: 2500

S: Бір сорғы

D: Екі сорғы

**Құбыр желісінің құрылымы**

DC: Тікелей шығару келте құбыры, жалпы

GC: S-тәріздес иін, жалпы

VC: Вентильді камера

**Құбыр желісінің материалы және диаметрі**

Тот баспайтын болат:

SS50: DN 50 (2")

SS65: DN 65 (2 1/2")

SS80: DN 80 (3")

SS100: DN 100 (4")

Полиэтилен:

PE63:\* D63 мм (2")

PE75: D75 мм (2 1/2")

PE90: D90 мм (3")

PE110: D110 мм (4")

**Құрастыру түрі**

Автоматты түтіккі муфта:

A50: Сорғы бекіткіші DN 50

A65: Сорғы бекіткіші DN 65

A80: Сорғы бекіткіші DN 80

A100: Сорғы бекіткіші DN 100

Сорғыларды еркін орнату:

S: Сорғыларды еркін орнату

**Сорғы түрі**

SEG: SEG

DP/EF: DP (0,6-1,5 кВт) / EF

DP/SL: DP (2,6 кВт) / SL1.50.65 / SLV.65.65

SE/SL: SE/SL

\* Құдықтың м.ж. тереңдігі 3 м

**4.1 Жиынтықты кәріздік сорғы стансаларының түрлері**

Кәріз сұйыққоймалары таңдалған монтаждау тәсіліне байланысты құбыр желісімен және санитариялық-техникалық арматурамен жабдықталған болып жеткізіледі. Кей сорғылар сорғыға тікелей қосылған қалқымалы ажыратқышпен жинақталуы мүмкін, бұл жағдайда ешбір басқа сыртқы немесе кіріктірілген басқару жүйесі қажет етілмейді.

Келесі келтірілген құрастыру сызбаларында еркін батырымды сорғылармен, қабырғаға құрастыру барындағы автоматты түтіккі муфтасы бар сорғы сұйыққоймалары және екі сорғысы бар сұйыққоймалар қарастырылған.




3-сур. Еркін батырымды сорғысы бар сұйыққойма

TM02 9364 2404




4-сур. Автоматты түтіккі муфтада орналасқан сорғысы бар сұйыққойма

TM02 9363 2404




5-сур. Екі сорғысы бар сұйыққойма (1 нұсқа)

TM02 9366 2404



6-сур. Екі сорғысы бар сұйыққойма (2 нұсқа)

TM02 9365 2404




9-сур. Полиэтиленнен және шыны пластиктен жасалған қақпақтар көлік салмағына есептелмеген

TM06 0114 4913

4.2.1 PUST04 - PUST10

Стандартты жиынтықталуда Ø400-1000 мм сұйыққоймалар M10 бұрандасымен бекітілетін PE-HD (жоғары тығыздатылған полиэтиленнен) қақпақтарымен жеткізіледі.



7-сур. Ауыстыру камерасы бар сұйыққойма

TM06 1709 2614



10-сур. Қақпақ

TM02 9498 0605


4.2.2 PS.R.17 және ауыстыру камерасы

Ø1700 мм сұйыққоймаларға және ауыстыру камераларына арналған қақпақтар оқшаулау жүйесімен бірге жеткізіледі және арқауланған шыныпластиктен жасалады.

4.2 Қақпақ


Назар аударыңыз

*Басқасы белгіленбесе, көлік қозғалысы жерлерінде орнатылуға қарастырылмаған.*




8-сур. Полиэтиленнен және шыны пластиктен жасалған қақпақтар жаяу жүрушілердаң салмағына есептелмеген

TM06 0113 4913



11-сур. Құлпы бар қақпақ

TM06 0112 4913



12-сур. Қақпақ және сақтандырғыш тор

TM05 3307 1112



**Ескертпе**  
Рұқсатсыз кіріп кету қаупін болдырмас үшін сұйыққойма құлыптаулы болуы керек.



### 4.3 Желдеткіш құбыр желісі

Grundfos компаниясы сұйыққойманы желдеткіш құбыр желісімен (жабдық) жабдықтауды ұсынады.

8.2 Құбырлық біріктіру қар.



TM02 9496 2704

13-сур. Желдеткіш құбыр желісі бар сұйыққойма

## 5. Орау және жылжыту

### 5.1 Орау

Құрылғыны алу барысында тасымалдау кезінде алынған ақаулардың болуына орау мен құрылғының өзін тексеріңіз. Орауды тастар алдында оның ішінде құжат немесе ұсақ бөлшектер қалып қоймағандығын мұқият тексеріңіз. Егер алынған құрылғы сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге жүгініңіз.

Егер құрылғы тасымалдау барысында ақауланған болса, тасымалдау компаниясымен байланысыңыз немесе жабдықты жеткізушіге хабарлаңыз.

Жеткізуші мүмкін ақауларды мұқият қарау құқығының мүмкіндігін өзіне қалдырады.

### 5.2 Жылжыту



#### Ескертпе

**Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.**

Назар аударыңыз

**Құрылғыны қуат беру кабелінен көтеруге тыйым салынады.**

Нұсқау

**Бұйымды жылжыту және тасымалдау барысында төмен температурада сұйыққойманың соққыға қарсы жүктемесі бәсеңдейді.**


Тасымалдау/жылжыту барысында сұйыққойманың зақымдануын болдырмау үшін келесі шараларды есте сақтаңыз:

- Сұйыққойманы жүк көлігінен лақтыруға болмайды.
- Сұйыққойманы жүк көлігіне тиеу немесе одан түсіру кезінде не объекте жылжыту барысында бекітілген тоқыма такелажды бауды немесе ұқсас материалдан жасалған бауды қолдану керек. Сұйыққойманы тасымалдау және тиеу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.
- Кәріз стансасын баумен көтеру кезінде стансаның қырларын қолдану керек.
- Сұйыққойманы жерде сүйреуге болмайды.
- Күш шоғырлануын тудыруға болмайды.
- Сұйыққойманың өткәр жиектермен байланысуын болдырмаңыз.

- Тасымалдау барысында сұйыққойманы берік бекітіңіз.
- Кәріз сұйыққоймасын жерге түсіру кезінде жер бетінің тегістігіне көз жеткізіңіз.

Назар аударыңыз

**Кәріз сұйыққоймасын жылжыту кезінде көтеру орнын қолданыңыз, егер ондай бар болса.**



TM06 0063 4713

14-сур. Сұйыққойманы көтеру

Назар аударыңыз

**Сұйыққойманың бүлінуін болдырмау үшін, кран тіректері сұйыққоймадан жеткілікті қашықтықта орнатылуы керек. Жұмыстар жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.**



#### Ескертпе

**Сұйыққойманы көтеру кезінде көтеру тұтқасының бекітулі екендігіне көз жеткізу керек. Қажет болса оны тартып бекіту керек. Көтеру және тасымалдау кезіндегі кез-келген абайсыздық персоналдың жарақаттануына немесе сұйыққойманың зақымдануына алып келуі мүмкін.**

## 6. Қолданылу аясы

PUST 04-10 және PS.R.17 кәріздік жиынтықты стансалары дренажды, жаңбырлы (жер бетіндегі) және шаруашылық-тұрмыстық ағын суларды жинау және айдап қотару үшін қолданылады.


## 7. Қолданылу қағидаты

PUST 04-10 және PS.R.17 кәріздік жиынтықты стансаларының жұмыс жасау принципі ағын сулардың кәріздік сұйыққоймаға бағытталуын қарастырады. Сұйыққоймадағы сұйықтықтың деңгейі сорғының іске қосылу деңгейіне жеткенде ол қосылады және сұйықтық ары қарай ағын суларды тазарту стансасына немесе сыртқы кәріздік желісінің құбырына беріледі.

## 8. Құрастыру



**Ескертпе**  
**Сұйыққойманы монтаждау тек қана білікті мамандармен және жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек. Ағын суларды жинауға арналған сұйыққоймаларда немесе соларға жақын маңдағы жұмыстар жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.**



TM02 9362 2404

15-сур. Құрастыру сызбасы

Айқ.	Сипаты
1	Іргетас
2	Тығырық
3	Қабат-қабат тығыздатылатын, м.ж. 30 см, қайта құю
4	Көлік қозғалысының жүктемесіне тыйым салынатын сұйыққойма қақпағының айналасындағы 50 см аймағы

Назар аударыңыз

**Сұйыққойманы монтаждау орны сұйыққойма өзге құрылғыны зақымдамайтындай және өзге құрылғының сұйыққойманы зақымдамайтындап етіп таңдалуы керек.**

### Іргетас

- Жер қыртысының сараптамасы және сұйыққоймаға түсетін жүктеме туралы ақпарат жер қыртысының осы жүктемеге шыдамайтынын айқындаса, онда сұйыққойманың табанында іргетас орнатылуы керек. Сұйыққойма орнатылған тірек іргетас болып есептелмейді.
- Іргетас жерді ойып алғаннан кейін орнатыла алады, ол үшін лайықты қиыршық тастан немесе ұқсас материалдан ары қарай қабат-қабат тығыздатылатын, әр қабат 30 см аспайтын (тығыздатылғаннан кейін қабат 20 см жуық болады) берік қабат жасалады. Мұндай іргетас жерді қателікпен өте төмен ойып қойған жағдайларда да жасалады.

### Тірек

- Тіректің материалы тығыздатылуға лайықты болуы керек, ал құрамы оның қасиеті мен келесі тығыздау жұмыстары сұйыққойманы зақымдамайтындай етіп таңдалуы керек.
- Тірек материалының гранулометриялық құрамы түйіршіктердің мейлінше жоғары өлшемі 16 мм аспайтындай болуы керек.
- 8 дан 16 мм дейінгі түйіршіктердің үлесі 10 % аспауы керек.
- Тіректің материалы қатпау керек.
- Тірек материалында қатты өткір қырлар болмауы керек, мысалы, кремнийлі сомын.
- Тірек жуандығы 10 см болуы керек.

### Қайта құю

- Қайта құю құдықтың барлық бағытта берік екітілуін қамтамасыз етуі керек, және жергілікті немесе ұқсас соққы жүктемелері туындамайтындай жүктеме берілуі керек.
- Қайта құюға арналған материал тірек материалына қойылатын барлық талаптарға сәйкес болуы керек.
- Қайта құю сұйыққойманың деформациясын немесе зақымдануын болдырмайтындай етіп орындалуы керек.
- Қайта құю қабат-қабат тығыздатылуға лайық болуы керек, әр қабат 30 см аспайтын (тығыздатылғаннан кейін қабат 20 см жуық болады).



**Ескертпе**  
**Сұйыққойманы жұмыс орнына орналастыру кезінде барлық жалғауларды тексеру керек, себебі олар тасымалдау барысында босауы мүмкін.**

Нұсқау

**Сұйыққойманы түсірмес бұрын сыртқы зақымданулардың жоқтығына көз жеткізу керек. Пайдалану орнында сұйыққойманы толықтай құрастырғаннан кейін Грундфос компаниясы мүмкін болатын зақымдануларға жауапкершілік алмайды.**


Сұйыққойманы тірекке орнатыңыз.

Сұйыққойма тік орналасқанына көз жеткізіңіз.

Қайта құю жұмысы толық бітпейінше жер асты суларының деңгейі тірек деңгейінен аспауы керек.

Нұсқау

**Құбыр желісінің жеткізілетін және бұрып жіберілетін орындарында тіректі жақсылап тығыздау керек. Бұл орнатылғаннан кейін қайта құю құбырлары тік төмен берілетін жүктемеге қарсы тұру үшін керек. 16-сур. қар.**




16-сур. Құбыр астындағы топырақ жеткілікті тығыздатылмаған

TM02 9360 2404


Нұсқау

Құдыңтың деформациясын болдырмау үшін (нәтижесінде сұйыққойма сопақ формалы болуы мүмкін), қайта құю кезінде сұйыққойманың қақпағы жабық болуы керек.





17-сур. Тығыздатылғаннан кейін сұйыққойма сопақ формасын қабылдады

TM02 9361 2404



18-сур. Ауыстыру камерасы

TM02 9361 2404



TM06 3603 0615

### 8.2 Құбырлық біріктіру


Келтірілген құбыр желісін кіргізуге арналған саңылау, электр жабдығын қосу және желдеткіш құбыр желісіне арналған қондырғылар пайдаланылатын орнында бұрғылануы тиіс.

Назар аударыңыз

**Келтірілетін және бұрып жіберетін құбыр желісін іске қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.**

Назар аударыңыз

Егер сұйыққойманың асты бұрғылап тесілсе, бетке қалқып шықпас үшін қайта құю тығыздығына аса мән аудару керек.



Макс. 25 кН  
Макс. 150 кг

TM06 3602 0615

Назар аударыңыз

Топырақты тығыздау кезінде сәйкес механикалық құрылғы қолданылу керек, тығыздатылғаннан кейін материал тығыздығы Проктор бойынша 98-100 % болу керек.

### Сұйыққойманың қалқып шығуын болдырмау

- Сұйыққойманың құрылымы өлшейтін қысым әрекеті бейтараптанатындай болып қарастырылған. Стансаның қалқып шығуын болдырмайтын талаптар инженермен (мердігер) анықталатын геологиялық-техникалық жағдайларға байланысты және Grundfos компаниясының жауапкершілігінде емес.

Назар аударыңыз

Жоғарыда айтылған талаптар ең аз талаптар болып есептеледі. Жергілікті нормалар мен ережелерге жүгінізіз.

### 8.1 Ауыстыру камерасын құрастыру


Ауыстыру камерасын құрастыру үшін, сұйыққойманы монтаждауда қолданылатын нұсқаулықтарды сақтау керек. 8. Құрастыру қар.

Нұсқау

Ауыстыру камерасы тек қана PS.R.17 құдықтары үшін орнатылады.

Манжета	Құбыр желісінің диаметрі	Өнім нөмірі	Бұрғылауға арналған саптама (мм)	Құдық оқпанының шегі (мм)	Өнім нөмірі
LM50/40	40	96230763	51	- 2/+ 1	96571532
LM50/50	50	96230753	60	- 2/+ 1	96571533
LM50/63	63	96571523	75	- 2/+ 1	96571534
LM50/75	75	96571527	86	- 2/+ 1	96571535
LM50/90	90	96571528	102	- 2/+ 1	96571536
L965/110	110	91716040	127	- 0/+ 2	91713756
L965/160	160	91713754	177	- 0/+ 2	91713755
LM100/200	200	91712032	212	- 2/+ 1	91712025
Орталықтауға арналған бұрғы					91712026

8.2.1 PUST04 - PUST10



19-сур. Келтірілген құбыр желісіне арналған саңылауды өңдеу, Ø400-1000 мм


8.2.2 PS.R.17

**Нұсқау** Бұрғылайтын қаптама 90 мм төмен емес тереңдікте болуы тиіс.

**Назар аударыңыз** Келтірілген құбыр желісіне саңылауды құбырға, қалқымалы ажыратқыштарға және басқа да кәріздік құдықтың жиынтығындағы элементтерге жақын орналасқан құдықтың қабырғасында бұрғылауға болмайды.

Сыртқы жақтан бұрғылау

Егер саңылау диаметрі 150 мм көп болса немесе саңылауды құдықтың қырында бұрғылау керек болса, онда бұрғылауды қыр ортасында орындау керек. 20-сур. қар.




20-сур. Сыртқы жақтан бұрғылау

TM04 9441 4210

Ішкі жақтан бұрғылау

Сұйыққойманың цилиндрлі пішіні үшін ортақтауға арналған бұрғы бұрғылайтын қаптамасының кескіш қырынан 23 мм аз емес шектен шығуы керек.

Саңылаудың қалай да орналасуының мәні жоқ. 21-сур. қар.



21-сур. Ішкі жақтан бұрғылау


TM04 9573 4610

8.3 Манжетты орнату

1. Манжетті қысып саңылауға орнату (құдық арқылы емес).
2. Келтірілген құбыр желісінің саңылауына тегіс жату үшін манжетті жазу керек.
3. **Тығыздауыш манжеттер LM50/100:** ішкі жақта орналасқан ернеу құдықтың қабырғасына нақты жайғасу үшін манжетті өзіңізге қарай тартыңыз. **Тығыздауыш манжеттер L965:** ішкі жақта орналасқан ернеу құдықтың қабырғасына «3 және 9 сағат» күйіне нақты жайғасу үшін манжетті өзіңізге қарай тартыңыз. 24-сур. қар.
4. Манжеттің ішкі жағын сулық-эмульсиялық майлайтын материалдың көмегімен майлаңыз.
5. Құбыр ернеуін дөңгелектеп және басу арқылы манжетке орнатыңыз.

**Тығыздауыш манжеттер LM50/100:** енгізу құбырын манжетке итеріңіз. 22-сур. қар.


**Нұсқау** Сұйыққоймадан сорғыны шығару үшін, енгізу құбыры манжеттен 5 см-ден аспау керек.




22-сур. LM50/100 тығыздауышы бар құбыр, шеткі жағынан көрініс

TM03 3709 0806

**Тығыздауыш манжеттер L965:** манжеттің тіреуішіне жететіндей етіп енгізу құбырын манжетке итеріңіз. 23-сур. қар.



23-сур. L965 тығыздауышы бар құбыр, шеткі жағынан көрініс



24-сур. L965 тығыздауышы бар құбыр, үстіңгі жағынан көрініс

#### 8.4 Сорғыны (-ларды) орнату

Көріздік стансалар кейбір орындалымда орнатылған сорғыларсыз жеткізіледі. Сорғыны іске қосу және орнату бойынша ақпаратты сорғының Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтан алған жөн.

Назар аударыңыз

*Сұйыққойма мен сорғының зақымдануын болдырмау үшін соңғыны сұйыққоймаға өте мұқият түсіру қажет.*

#### 8.5 Ернемек арқылы жалғасқан құбыр желісі

*Егер құдық 0 °C төмен температурада құрастырылуы керек болса, ернемектердің барлық бұрандамаларын босату ұсынылады және пайдалану орнында көріздік құдықтарды орналастырып болғаннан кейін қайта тарту керек. Бұл құбыр ішінде туындайтын кернеуді болдырмас үшін қарастырылған.*

Нұсқау

#### 8.6 Көтергіш шынжырды бекіту

Автоматты құбыр муфтасы бар көріздік стансаларда көтергіш шынжырын сорғы кронштейніндегі алдыңғы сақина-бұрандасына бекіту ұсынылады. Сақина-бұрандалардың саны сорғыға байланысты.



25-сур. Сорғыға бекітілген көтергіш шынжыры



##### Ескертпе

*Жүк көтеру жабдықтары тек қана сорғыны көтеруге арналған және сорғының салмағына сәйкес болуы керек, жергілікті нормалар мен ережелерге үйлесу керек, сонымен қатар жоғарыда келтірілген нормаларға сай қызметтерден өту керек.*

##### Ескертпе

*Grundfos-пен жеткізілетін Көтергіш шынжырлардың мейлінше жоғары кернеуі мен өндірілген күні көрсетілген таңбалауы бар.*

*Ең жоғары кернеу мәнінен асуға тыйым салынады.*

*Техникалық қызмет көрсету жергілікті нормалар мен ережелерге сай орындалуы керек.*

*Grundfos-пен жеткізілетін көтергіш шынжырларды және құрастыру қапсырмасын жарылу, коррозия және басқа да ақаулықтың бар-жоғын білу үшін жылына бір реттен кем емес тексеру қажет. Кез-келген ақаулық бар болса көтергіш шынжырды немесе құрастыру қапсырмасын ауыстыру керек.*





## 9. Электр жабдықты қосу

Сорғыны және сорғыларды басқару жүйелерін Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.



**Ескертпе**  
Электр жабдықтарын іске қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес білікті уәкілетті персоналмен орындалуы керек.



**Ескертпе**  
Сорғы не сорғыларды басқару жүйесі сыртқы авариялық ажыратқышқа қосылуы болуы тиіс.

Егер қуат көзімен қамтамасыз ететін ажыратқышын авариялық тоқтату ретінде пайдаланған жағдайда, ол МемСТ Р МЭК 60204-1, 10.8.4 айқ. сәйкес болуы тиіс.



**Ескертпе**  
Сорғымен немесе клапандармен жұмыс жасамас бұрын, сақтандырғыштарды ажырату керек немесе қуат көзін өшіру керек. Электр қуат беруінің кездейсоқ қосылып кетуін болдырмаңыз.

Grundfos басқару блоктарын және кәріздік стансадағы қуат көзі кабелінің ажырамалы қосылысын (розетка) монтаждауға тыйым салынады.

Нұсқау

### 9.1 Кабельдер

Сұйыққоймаға енгізу және қалқымалы ажыратқыштарға және сорғы(лар)ға кабелдерді салу түрлі тәсілмен жүзеге аса алады. Жиі кабельдер сұйыққоймаға сұйыққойманың қабырғасындағы кабельдік енгізу арқылы салынады. Егер сұйыққойма желдеткіш құбыр желісімен жабдықталған болса, ол кабельдік енгізу болып қолданыла алады.

**Сорғыны құрау не демонтаждау барысында кабельдерді қысып зақымдауын болдырмауды қадағалаңыз. Сорғыны құрасытырып және кабельдерді жалғағаннан кейін оларды ешбір күш салмақ әсер етпейтіндей етіп ілу керек.**

Назар аударыңыз

### 9.2 Сорғыны реттеу

Егер кәріздік құдық AUTO<sub>ADAPT</sub> басқару жүйесі бар сорғымен жабдықталған болса, онда сыртқы деңгей өлшеуіштің қажеті жоқ.

Нұсқау

Деңгей релесін орнату барысында келесілерді ескеру қажет:

- Ауаның сорылуын және сорғылардың дірілін болдырмау үшін, ауаның сорылуы басталмай тұрып сорғы тоқтайтындай қылып тоқтату деңгейінің релесін баптау керек.
- Бір сорғы жұмыс жасаса, деңгей релесі сорғы сұйықтықтың төменгі деңгейінде іске қосылатындай болып бапталуы тиіс; бірақ сорғы қандай жағдай болмасын сұйықтық деңгейі сұйық қойманың келтіруші құбырының төменгі жиегіне жеткенге дейін, сорғы іске қосылуы тиіс.
- Екі сорғы жұмыс жасаса, 2-ші сорғының деңгей релесі оны сұйықтық деңгейі сұйыққойманың келтіруші құбырының төменгі деңгейіне жеткенге дейін іске қосуы тиіс, ал 1-ші сорғының деңгей релесі оны, тиісінше, екінші сорғы іске қосылғанға дейін іске қосуы тиіс.
- Деңгейдің шамадан артуы авариялық сигналының релелері, егер олар бар болса, іске қосу деңгейінің релесінен 100 см жоғары орнатылуы тиіс; бірақ сигнализация қандай жағдай болмасын сұйықтық деңгейі кәріздік сұйық қойманың келтіруші құбырының төменгі жиегіне жеткенге дейін, сорғы іске қосылуы тиіс.

Баптауға байланысты қосымша ақпаратты таңдалып алынған сорғылардың басқару жүйесінің Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

### 9.2.1 Сорғының іске қосу және тоқтату деңгейі

Кәріздік сұйыққойманың пайдалы мөлшері жеткілікті үлкен болуы тиіс. Бұл қайта қысқа мерзімді қосылу орнатылған сорғыдағы мейлінше жоғары мәннен аспау үшін қарастырылған. Сорғының Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

### 9.2.2 Сорғыларды басқару жүйесін құрастыру

Сорғыларды басқару жүйесін Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.


### 9.2.3 Деңгей датчигін құрастыру

#### Қалқымалы ажыратқыштар

Егер қалқымалы ажыратқыштар қолданылатын болса, олар құдықтан алынатын түтікте монтаждалуы тиіс. Бұл қалқымалы ажыратқыштардың күйін оңай баптауды қамтамасыз етеді.

**Төменгі қалқымалы ажыратқыш (тоқтату) сорғыны құдықтағы деңгей мейлінше төмен мәнге жеткенге дейін өшіруі тиіс (Сорғының Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.).**

Нұсқау




26-сур. Қалқымалы ажыратқыштардың күйін баптау

Келтірілген құбыр желісін 27-сур. көрсетілген аймақта орнатуға тыйым салынады, себебі бұл қалқымалы ажыратқыштардың жұмыс істеуін бұзады.

A	М.т. 300 мм
B	50 ден 100 мм дейін
C	Өшіру диапазоны 110 мм

Назар аударыңыз

**«B» аралығы өте үлкен болмауы маңызды. Ондай болмаған жағдайда, жылжу барысында қалқымалы ажыратқыш кәріздік құдықтың өзге бөлшектерімен жанасуы мүмкін.**



27-сур. Келтірілген құбыр желісінің күйі

TM02 8960 1204

TM02 8961 1204

### Электродтар

Егер деңгейді өлшеу үшін электродтар қолданылса, олардың біліктері стандартты ұзындықпен (1 м) жеткізілгеніне назар аударыңыз. Монтаждау барысында электродтардың ұзындығын белгіленген деңгейге жеткенде қосылатындай етіп қысқарту керек.

Электродтарды бір бірінен арылтуға тырысыңыз. Бұл сигналды бұзатын біліктердің арасына қағаз не басқа да ұқсас объектілердің тұрып қалмауы үшін қарастырылған.

Керек ұзындыққа қысқартқаннан кейін электродтардың төменгі ұштарын 10-15 мм тегістеу керек.

Электродтар 10 м ұзындықты кабельмен жеткізіледі.



28-сур. Бір сорғымен жабдықталған кәріздік құдықтағы электродтар

TM02 8962 1204




29-сур. Екі сорғымен жабдықталған кәріздік құдықтағы электродтар

TM02 8963 1204

### Ауа қоңырауы түріндегі деңгей датчигі

Бұл деңгей реттеу датчиктері басқару модулінің қысым релесіне берілетін импульстік сигналдар генераторы болып табылады. Олар ауа қысымы өзгерістер принципімен жұмыс істейді.

Ауа қоңырауы түріндегі деңгей датчигінде сұйықтық деңгейі түрленгенде ауа қысымы өзгереді. Деңгей бақылау датчиктері қысым релесін басқару модуліне қысымды құбыршек арқылы жалғанған.



30-сур. Бір сорғымен жабдықталған кәріздік құдықтағы деңгей бақылау датчигі

TM01 9345 2404

### Қысым датчигі

Егер қысым датчигі пайдаланылса, оны сақтандырғыш түтікке орнату керек. Бұл ластану мен тұнбаның жиналуынан қорғау үшін.

### Деңгейді реттеуге арналған басқа жабдықтардың түрі

Сәйкес жабдыққа арналған Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

## 10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өткізіледі. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ. Жабдықты іске қосу үшін, Грундфос компаниясының сервистік орталығына жүгініңіз

## 11. Пайдалану

Пайдалану шарты 14. *Техникалық сипаттамалар* тарауына келтірілген.

Бұйым баптауларды талап етпейді.

## 12. Техникалық қызмет көрсету

Сорғыны және сорғыларды басқару жүйесін Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

Нұсқау


*Сорғы сұйыққоймадан тыс жерде болғанда, оның техникалық қызмет көрсетуге байланысты барлық жұмыстарын жүргізу керек.*



*Ескертпе PUST04-06-08-10 ішінде жұмыс жасауға және оған кіруге тыйым салынады.*



*Ескертпе PS.R.17 кірмес бұрын, қақпақ және сақтандырғыш тор ашық күйде оқшауланғандығына көз жеткізу керек және кәріздік стансаның желдету жүйесі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүретіндігіне көз жеткізу керек. ондай болмаған жағдайда стансаға кіруге тыйым салынады.*



31-сур. PS.R.17 ашық

TM06 0635 0414





**Ескертпе**  
Көріздік құдыққа кірген кезде құдықтан адамдарды көтеру үшін сақтандырғыш белдік кию керек және лайықты баспалдақ пен жабдықты алу керек. Құдықтағы барлық жұмыстар жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес және көріздік стансаның сыртында тұратын кем дегенде бір білікті маманның қарауы бойынша жүруі керек.



**Ескертпе**  
Ашық көріздік стансасында немесе вентильді камерада не солардың қасында жұмыс жасау барысында, сұйыққоймаға құлап қалмас үшін сәйкес ескерту белгілері мен сақтандырғыш қоршау орнату қажет. Ескерту белгілері барлық жақтан көрініп тұру керек.



**Ескертпе**  
Үстіңгі ойықтың диаметрі Ø1000 аспаса, стандартты сақтық шаралары жеткілікті болып есептеледі. Ø1000 жоғары ойықтарда сақтандырғыш қоршаулар мен өзге де сақтау шаралары қарастырылуы керек.




**Ескертпе**  
Сорғыларды көтеру кранның көмегімен монтажды ілмек арқылы іске асады. Көтеру жұмыстарына бекітілген лайықты арқандар мен матауыштарды қолданылу керек.



**Ескертпе**  
Қолғаптар мен лайықты жеке қорғаныс құралдары жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес пайдаланылуы керек. Ағын сулармен жұмыс барысында жергілікті нормалар мен ережелерді сақтау қажет.


Нұсқау

Егер табиғи жарық жеткіліксіз болса, техникалық персонал тасымалды шам пайдалануы керек.



32-сур. Қызмет көрсету үшін еркін батырмалы сорғыны көтеру

TM06 0545 0414



33-сур. Қызмет көрсету үшін автоматты құбырлы муфтасы бар сорғыны көтеру

TM06 0546 0414

### 12.1 Кері клапанды жөндеу



**Ескертпе**  
Кіретін сұйықтық персоналдың жарақаттануына және бұйымның зақымдануының себебі болмайтындығына көз жеткізіңіз.



**Ескертпе**  
Кері клапандармен жұмыс жасау алдында сақтандырғыштарды ажыратып, қуат көзін өшіріңіз. Электр қуат беруінің кездейсоқ қосылып кетуін болдырмаңыз.




**Ескертпе**  
Ілмекті арматураның кездейсоқ ашылып кетуін болдырмаңыз.

Назар аударыңыз

Ауыстыру камерасына кіру кезінде санитарлық-техникалық арматураны және құбыр желісін баспаңыз.


1. Көріздік стансада орналасқан, ауыстыру камераның түндығысын босатуға арналған сермердің көмегімен вентильді камерадағы ағызатын клапанды ашыңыз (34-сур. қар.).
2. Ілмекті арматураны жабыңыз (18-сур. қар.).
3. Кері клапанның қақпағындағы екі бұранданы босатып, бұрап шығарыңыз (35-сур. қар.).
4. Клапандардың тозған шарларын ауыстырыңыз және клапанның ішкі бетін тазалаңыз.
5. Клапандардың қақпағын жабыңыз және бұрандаларды тартыңыз (тарту мезеті 20 Нм).
6. Ілмекті арматураны ашыңыз.
7. Көріздік сұйыққоймадағы ағызатын клапанды жабыңыз (34-сур. қар.).




34-сур. Ағызатын клапан

TM06 1755 2714

Кері клапан



35-сур. Кері клапан

Кері клапан,  
деталировка

TM06 1756 2714

## 12.2 Ластанған сорғылар

**Назар  
аударыңыз**

*Егер сорғы денсаулыққа қауіпті немесе улы сұйықтықтарды айдау үшін қолданылса, бұл сорғы ластанған ретінде қарастырылады.*

Бұл жағдайда, әр техникалық қызмет көрсетуге тапсырыс беру кезінде айдалатын сұйықтыққа қатысты толық мәліметті алдын – ала беру қажет.

Мұндай мәлімет берілмеген жағдайда, Грундфос сервис орталығы тапсырысты қабылдамауы мүмкін.

Сорғыны фирмаға қайтару үшін қарастырылған шығынды тапсырыс беруші өзі көтереді.

## 13. Істен шығару

PUST04-10, PS.R.17 жиынтықты стансасының құрамына кіретін сорғыларды істен шығару үшін, нақты сорғыға қатысты Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

## 14. Техникалық сипаттамалар

### Сұйықтық температурасы

Мейлінше жоғары температура 40 °С. Айдап қотарылатын сұйықтықтың бұдан артық температурасы орын алатын болса Grundfos компаниясымен байланысыңыз.

**Назар  
аударыңыз**

*Сорғыны таңдау айдап қотаратын сұйықтықтың температурасына байланысты болады. Нақты сорғыға қатысты Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.*

### Қышқылдар мен сілтілер

Кәріздік станса сұйыққоймасының материалы қойылтылған қышқылдар мен сілтілердің және еріткіштердің әсеріне бапталған.

Сонымен қатар стансаның және сорғының металды бөлшектері жоғарыда айтылған сұйықтықтардың әсеріне бапталмаған және сутек көрсеткіші рН 4 ден 10ға дейін ғана сұйықтықтарды айдап қотаруға арналған. Қандай да бір сұрақ туындаса Grundfos компаниясымен байланысыңыз.

### Жабысқақтық

Кәріздік сұйыққоймаға жабысқақтығы жоғары ағын суларды жіберуге болмайды. Сорғының Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

### Тығыздық

Мейлінше жоғары тығыздық 1,1 т/м<sup>3</sup> құрайды.

### Дыбыстық қысым

Дыбыстық қысым деңгейін сорғы жабдықтарына арналған Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

## 15. Ақаулықтың алдын алу және жою

PUST 04-10, PS.R.17 жиынтықты кәріздік сорғы стансасына кіретін белгілі сорғыға және басқару жүйесіне арналған Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз (бөлек тапсырыс беріледі).

## 16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

## 17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

GRUNDFOS Holding A/S концерні,  
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания\*

\* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорртаушы\*\*:

«Грундфос Истра» ЖШҚ  
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,  
Павло-Слободское в/м.,  
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Казахстан» ЖШС  
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,  
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.  
\*\* импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:  
«Грундфос Истра» ЖШҚ  
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,  
Павло-Слободское в/м.,  
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Казахстан» ЖШС  
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,  
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.  
Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.



## RU

Комплектные насосные станции PUST 04-10, произведённые в России, сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента Таможенного союза «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.01416, срок действия до 09.03.2020 г.

Полиэтиленовые резервуары комплектных насосных станций PUST изготовлены в соответствии с ТУ 4859-016-59379130-2011.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Комплектные насосные станции PUST 04-10, PS.R.17 сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01435, срок действия до 13.03.2020 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Истра, 14 марта 2015 г.

## KZ

Ресейде өндірілген PUST 04-10, PS.R.17, PS.S.R жиынтықты сорғы стансалары «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.01416, жарамдылық мерзімі 09.03.2020 жылға дейін.

PUST жиынтықты сорғы стансаларының полиэтиленді сұйыққоймалары ТУ 4859-016-59379130-2011 сәйкес өндірілген.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

PUST 04-10, PS.R.17 жиынтықты сорғы стансалары «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01435, жарамдылық мерзімі 13.03.2020 жылға дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932)23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.  
Руководитель отдела качества,  
экологии и охраны труда  
ООО Грундфос Истра, Россия  
143581, Московская область,  
Истринский район,  
дер. Лешково, д.188

**Российская Федерация**

ООО Грундфос  
111024, г. Москва,  
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,  
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»  
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00  
Факс: (+7) 495 564-88-11  
E-mail:  
grundfos.moscow@grundfos.com

**Республика Беларусь**

Филиал ООО Грундфос в Минске  
220125, г. Минск,  
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,  
БЦ «Порт»  
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73  
Факс: 7 (375 17) 286-39-71  
E-mail:  
minsk@grundfos.com

**Республика Казахстан**

Грундфос Казахстан ЖШС  
Қазақстан Республикасы,  
KZ-050010 Алматы қ.,  
Кек-Тебе шағын ауданы,  
Қыз-Жібек кешесі, 7  
Тел.: (+7) 727 227-98-54  
Факс: (+7) 727 239-65-70  
E-mail:  
kazakhstan@grundfos.com







<b>99032604</b> 0216
ECM: 1178084